



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

**Список литературы:**

1. «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам и курсам по выбору уровней начального, основного среднего и общего среднего образования» приказ МОН РК от 16 сентября 2022 года № 399 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767>;
2. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе: от действия к мысли: пособие для учителя / под ред. А.Г.Асмолова. М.: Просвещение, 2008. 160 с.
3. Гришанова И.А. Коммуникативная успешность младших школьников: теоретический и практический аспекты: монография. М.; Ижевск: Ин-т компьютерных исследований, 2006. 136 с.

ӘОЖ 371.311

**ДЕҢГЕЙЛІК МЕҢГЕРУДЕ ДИАЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУ МӘСЕЛЕСІ**

Сулейменова Айсулу Бағитжановна  
Кокишева Мейрамкул Балгабаевна  
Жусупова Несвельды Ельтаевна  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №22 жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі ММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E-mail: [suleimenova.1963@list.ru](mailto:suleimenova.1963@list.ru)

**Аннотация**

Мақалада қарастырылған қазақ тілі бір ұлт пен екінші ұлттың арасында түсінісу, сөйлесу құралы болуы үшін қазақша сөйлеуді қалыптастыру керек. Қазақ тілі екінші тіл ретінде осындай мақсатты жүзеге асыру үшін меңгеріледі.

**Түйінді сөздер:** шағын диалог, көп тілде сөйлеу, оқу бағдарлама, деңгейлік тіл, азаматтық, лингвистикалық.

**Аннотация**

В статье рассматриваются особенности диалога при усвоении казахского языка как второго в школах с русским обучением.

**Ключевые слова:** мини – диалог, поликоммуникативность, учебная программа, языковой уровень, гражданственность, лингвистика.

**Abstract**

*Relevance.Goal.This article deals with the author's program on the spiritual-moral upbringing of schoolchildren's persons and their developments on the bases of patriotic, cultural and historical traditions of nationalities and ethnic groups, lived in Kazakhstan.*

**Key words:** mini dialogue, poli, communication, studying program, language level, citizenship, linguistics

Қазақ тілі бір ұлт пен екінші ұлттың арасында түсінісу, сөйлесу құралы болуы үшін қазақша сөйлеуді қалыптастыру керек. Қазақ тілі екінші тіл ретінде осындай мақсатты жүзеге асыру үшін меңгеріледі. Сол себепті де оқушылар тілді қарым-қатынас қатынас құрады ретінде қолдану үшін үйренеді. Тіл меңгеру осы мақсатқа негізделіп жүргізіледі.

Қазақ тілі екінші тіл ретінде деңгейлік меңгеруде өзге ұлт өкілдерінің қазақша сөйлеуін қалыптастыру , қазақ тілі терең меңгерту мәселесі ең алдымен ауызекі сөйлеу тілінің табиғатын танытып үйретуден басталады. Оқушылар өзге тілді сыныптарда қазақ тілін коммуникативтік мақсатта меңгеру ісі соңғы жылдарда өзекті бола бастағаны белгілі. Қазақ тілі іс жүзінде қолданылу аясы да, ең алдымен, сол тілді меңгеру жүйесіне қатысты жасалған бағдарламаға тікелей байланысты болып келеді. Бағдарлама бүкіл тіл меңгеру үдерісіне ғана емес, әрбір тіл үйренуші үшін де қажетті құрал болып саналады. Бағдарлама тіл меңгерудің негізгі мақсатына жетудегі жетекші құрал болып табылады. Жалпы бағдарламада шетел азаматтарына арналған қазақ тілін көп деңгейлік меңгерудегі жүйесінің моделі беріледі.

2001 жылы Еуропалық елдер достастығымен бірінші рет шет тілдерін деңгейлік оқыту бойынша жалпы мәселе көтеріледі. Бүгінгі күнде қазіргі тілдерді меңгерудің біркелкі кеңістігін қалыптастыру мақсатымен Еуропалық Кеңес жобасының швейцариялық үлгісі бойынша жасалған «Еуропалық тілдік портфельде» тіл меңгерудің алты деңгейі қарастырылған . Еуропалық елдерде тілді үйретудің 6 деңгейіне бағыт алды. Бұл кез келген шет тілін меңгерушілерге арналған бағдарлама [1, б. 61].

Қазақ тілін меңгеру саласы бойынша қазіргі әдістемеші ғалымдар үш деңгейлік меңгеру әдістемесі ұсынуда. Мұнда әрбір деңгейдің өз мақсаты мен міндетін саралаумен байланысты. Ғалым



Қ.Қадашева қазақ тілін деңгейлік игеруге ұсынған бағдарламасында сатылапмеңгерудің үш деңгейін (1—қарапайым деңгей;2— орта деңгей;3—жоғарғы деңгей) нақты көрсетеді [2, б. 755—80 ].

Қазақтілі шет тілі ретінде // Казахский и русский языки в программах атты бағдарламада қазақ тілі шет тілі ретінде де деңгейлік меңгерудің әрбір деңгейі нақты практикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Тілді алдымен элементарлық меңгеру бойыншаалып ,оның ішінде бастапқыдеңгей, негізгі деңгей,жалғастырушы деңгей қарастырылады, кейінен еркін меңгеруді, яғни жоғарғы денгейді қалыптастыру болып табылады. [3, б. 3]

Қазақ тілі екінші тіл ретінде деңгейлік меңгеруде оқушылар қазақ тілімен тереңтанысып, тұрмыстық жағдайда белгілі бір тақырыптарды өзі туралы толық мәлімет беріп,өзге адамнан мәлімет ала алатындай дәрежеде тілдік ортаға бейімделуі тиіс. Сондай – ақ ,тіл меңгеруде лексикалық материалдар интенция түрінде беріліп,өзге тіліді аудиторияларда әр түрлі жағдайда қазақ тілінің ауызекі сөйлесу үлгілерін пайдалана білуге үйретеді.

Оқушыныңқазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеруі,оның коммуникативтік компетенциясының қалыптасуын қамтамасы етуге бағытталған көп деңгейлі,көп қырлы күрделі үдеріс. Қазақ тілі екінші тіл ретінде меңгеру үдеріс бойынша бірінші сабақтан бастап тіл үйренушінің әрбір үйренген жаңа сөзі оның белгілі бір сөйлеу интенциясыныңжүзеге асуына,коммуникативтік қажеттілігінің орындалуына көмектеседі. Мұндағы тіл үйренушінің бағдарлама бойынша жүзеге асады. Әрбір жана сөз сөйлемде өзінің орны, қатынаста үйренушіге қызмет жасайды.

Өзгетілді меңгеру үйренетін тілдің лингвистикалық ережелерін жинақтап беру емес,ол екінші тілдің сөйлеу құралдары мен әрекетін,тұлғаларын дұрыс пайдалана білу, соларқылы сөйлейтін дәрежеге жету. Демек сөзді, сөйлесуді негізгі ала отырып,одан кейін тілді үйретуге көшкен дұрыс.

Сөйлеуді меңгерту тілі оқушыайтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуін қамтамасыз ету болса, ал сөйлеуді үйрету күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты іске асып отыруы керек.

Сондықтан коммуникативтік мәні бар фразаларды, сөйлемдерді меңгерген оқушылар өзі материалдарын күнделікті қолданыста ойын, тілегін, ұсынысын, үмітін, күдігін, қуанышын, ренішін т.б. білдіру үшін қолдана алуы керек.

Алғашқы танысу сабақтарында өзге тілді аудиториядағы тіл үйренуші келесі фразаларды құрастыра бастайды:Мысалы:

1/–Танысайық.

2/ Бұл кім?Оның аты кім?

- Менің атым Дима.
- Ол менің досым.Оның аты Аскар.
- Сенің атың кім?
- Менің атым Бақытжан
- Халдарың қалай?
- Жаман емес.Рахмет.
- Өте жақсы,менқуаныштымын!
- Сау болындар.
- Мен де.

Міне,осы сында қысқа диалогтар құрастыра отырып,ілеспе түрде грамматикадан хабар беріп, осы лексикалық бірліктерден жасалған тіркестерді көбейте түскен дұрыс болды. Мысалы: Сенің жасың нешеде? Досың қайда тұрады? Сен қай мектепте оқисын? Құрбын қандай адам? Отбасымен қалай тұрасындар ? т.б.

Осындай сұрақтарды оқушыларбір біріне қойып,жауап алысып, бірінің қателерін байқап, оныкезінде жөндесе,өздерінің тілді игере бастағанын байқап,тілге деген құштарлықтары қалыптаса бастайды.Оқушылар екі,үш сөзден тұратын шағын фразаларды тезірек үйреніп,оны қатынас кезінде еркін қолдана алады.

Оқушылар тілді тез арада меңгеру үшін диалогтық сөйлесу барысында әр түрлі ситуациялар ұйымдастырып,тілдік жеңіл фразалардан бастап,әрбір деңгейге байланысты күрделі сөйлемдерді көшіп отыру керек. Сонымен қатар ,қазақ тілі екінші тіл ретінде меңгерген кезде әр түрлі ситуацияларда,жағдайларда қандай тілдік қатыснас жасау керектігі ғана емес, елтанымдық бағыт бойынша қазақ елінің мәдениетінен,өнерінен,әдебиетінен мәлімет беру керек.

Бастапқы деңгейдегі диалогтық сөйлеуді дамытудың сапалы жолдарының бірі сабақта бір қалыптаған диалогтарды қолдану болып табылады. Белгілі болғандай, бір қалыптағы диалогтар бір үлгідегі ситуациялық жағдайда қызмет көрсетеді.

Тіл үйрету барысында тілдік материалдар негізіндегі рөлдің анық белгіленуімен,тұрмыстық тақырыптағыжағын– диалогтарды қолдануға болады. Жағын–диалогтардыайту үшін оны жаттау ұсынылады. Шағын –диалогтарды айту үшін оны жаттау ұсынылады.

Міне,мысалы, «Танысу», «Менің отбасым», «Бұл мектеп пе?» «Қайда тұрасың?», «Ауа–райы», «Туған қала», т.б. сияқты тақырыптар бойынша қарапайым жағын – диалогтарды қолдануға болады.

Оқушы сөйлеудің ауызша түрлерін меңгеріп, оны қазақ тілінде сөйлеушілермен еркін және тиімді қарым қатынас жасау барысында қолдана алу қабілетін дамытады және тіл жүйесі туралы білімін тереңдете отырып, тілді үйренуді әрі қарай жалғастырып, үйренгендерін еркін қолдана білу деңгейіне дейін жетеді.

Оқушылар жоғары деңгей қазақ тілі меңгерген деңгейін көрсетеді. Бұл деңгей тіл жүйесінің негізгі категорияларымен аныстыруда қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ ,тұрмыстық,әлемуметтік,мәдени т.б. қоғамдықортада өзін-өзі ұстап,еркін сөйлесе алу дағдысын қалыптастырады.

Қазақ тілі тереңмеңгеруге байланысты жүргізілетін барлық парктикалық жұмыстар – оқушыушыларды адамгершілікке,ізеттілікке тәрбиелеуге,сөздік қорын байытуға,мәнерлеп оқу ,сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, шығармашылық ой–қабілетін дамытуға, өз ойын дұрыс,жүйелі түрде, дәлелдеп айта алатын деңгейге жеткізуге арналған.

Диалогтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметі оқушының тамымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді.Баланың тіл байлығын дамытады. Диалогті сурет бойынша, техникалық және ойын элементтері арқылы құрастыруға болады.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту барысында бүгіндері оқушыға алдымен сөйлесуді үйрету керек. Сондықтан алдымен сөзді,сөйлесуді негізгі ала отырып, содан соң тілді үйретуге көшкен жөн. Демек,тіл меңгеру жүйесі тілмен түсінуді қамтамасыз етуге бағытталған сөйлесімді үйретуге қатысты жүруі керек.

Сабақ барысында оқушы мен оқушы арасында диалог болғаны оқушының білімінің тереңдеуінекөп септігін көрінеді. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушыларөз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді.Оларда ортақ проблема болады,бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады: идеялармен пікір алмасып, бір–бірінің идеяларын талқылайды, баға береді: ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады Басқаша айтқанда, оқушылар бірге ойланады.

Мектептегі диалогтық оқыту модулін қолдану оқушылардың танымының жан–жақты дамуына, өз бетімен ізденуіне, ұстаздар үшін оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды. Бұл бағыт оқытушылардың жұмыстарына өзгерістер енгізеді. Диалогтік оқытуда білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар туғызады.

Диалогті сабақтың дәстүрлі сабақтан айырмашылығы – сұрақтар қою (кейде түрткі болушы, кейде келтіруші) арқылы оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсатын өздері анықтауына мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда оқушылардың қызығушылығы мен ынтасы жоғарылайды. Мәселені шешу кезеңінде оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа тақырыпты меңгереді. Ал мұндай сабақтағы оқушылардың жаңа тақырыпты түсінгенін білеміз, себебі әр оқушының өзі ойланып, өзі тауып, бойынан өткізген жаңа білімін түсінбеді деу мүмкін емес.

Топтық жұмыс кезінде сыныптағы қарым–қатынас анағұрлым жақсы дамиды. Өйткені, олар әртүрлі көзқарастарды тыңдайды, өз идеяларын ұсынып, сабаққа белсенді қатыса алады.

Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасында байланыс та диалогтен тұрады. Мұғалім сұрақ қою арқылы баланың пәнге қызығушылығын, сенімін, сыни тұрғындан ойлауға,бір–бірінен үйренуіне,тыңдауына ықпал жасайды. Диалогтық оқытуда сұрақ қоя білудің өзі маңызды рөл атқарады,себебі сұрақ түсінікті әрі әсерлі болса, сабақ берудің тиімді құралына айналады.

Оқыту барысында мұғалімөз пікірінбілдірмей тұып,алдымен оқушылардың пікірін тыңдап білу керек. Олар қате айтып тұрса да,оның пікірін «дұрыс емес» деп,бетіне басуға болмайды. Қалай да жолын тауып өз қателігін өзіне дәлелдеу керек. Сонда ол оқушы өз пікірініңдұыс, бұрыстығын айыра алатын дәрежеге жетеді, әр оқушы мен мұғалімнің қатынасы дұрыс сақталады екен.

Тілдік коммуникативтік мақсатқа жетудің бір жолы диаогтық сөйлесу арқылы рөлдік қарым–қатынасты жүзеге асыру болып саналады. Өйткені диалогтық сөйлесу барысында рөлдік қарым–қатынасты жасау арқылы тіл үйренуші сөйлесім әрекеттерінің барлық түрлерін меңгереді. Тіл үйреніп жатқан оқушылар диалогты тәжірибеде қолданғанда міндетті түрде дұрыс пайдаланып,оның қыр–сырларына жекекөңіл бөлуі қажет. Өйтпесе өзге тілдің тілдіктабиғатының ерекшеліктерін түсіну қиынға соғады. Оқушылар күнделікті өмірде кездесетін жағдайлары байланысты өз ойын,пікірін тұжырымдап,сол ойды сөзбен бейнелеп,сөйлем арқылы түсінікті түрде жеткізудің амалдарын меңгерген кезде ерін сөйлеу деңгейне жетеді.

Қорыта айтқанда, диалогтық оқытушылардың өз білімін жетік білуге,талдауға,сөйлеуге, жақсы оқуға, бірлесіп жұмыс жасауға көп көмегін тигізетінін, сабақта маңызды рөл атқаратынын көрдім. Оқушылар өздері қалыптастырған білім арқылы үлкен нәтижелерге жетеді деп ойлаймын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Қадашева.Қазақ тілі деңгейлік игеру.Қаз ҰУ хабаршысы.Фиология сериясы. 2003 №4/66/. 75–80 б.
2. Р.Дүйсенбаева, Г.Мұсаева, Ж.Нұршайықова, Ө.Валиева, Г.Өтебалиева. Қазақ тілі шет тілі ретінде // Казахский и русский язык в программах. А., 2005
3. Кузеева. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығының теориялық лингвистикалық негіздері: Док.дисс. А.,